

1-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қандай ғалымдар ХЭҚ зерттеулерімен айналысты?
2. Неліктен елдер арасындағы экономикалық байланыстар туындады?
3. Халықаралық экономикалық қатынастардың қандай формалары бар?
4. Халықаралық экономикалық қатынастардың қалыптасу тарихы.
5. ТМД елдерінің ХЭҚ-тарға кіруде қандай қиындықтар туындады?

Халықаралық экономикалық қатынастар.

Әлемдік экономика немесе дүниежүзілік шаруашылық дегеніміз – ұлттық шаруашылықтың жиынтығы. Ол үздіксіз қозғалыста және өсу үстінде болады. Өзара күрделі байланыстардың нәтижесінде бір - біріне қарама – қайшы, бірақ та біртұтас әлемдік экономикалық жүйе қалыптастырады.

Халықаралық экономикалық байланыстарды зерттеу жұмысымен А. Смит , Д. Рикардо, К.Маркс, Ф.Энгельс, В.Леонтьев ғалымдар айналысты.

Дүниежүзілік шаруашылықты өзара байланысты екі жүйеден - ұлттық шаруашылықтың жиынтығы және халықаралық экономикалық байланыстардан тұрады. Оның дүниежүзілік шаруашылықты байланыстыратын бірнеше элементтері бар. Мысалы, егер бұл категорияға техникалық – экономикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы және де аймақтық дамуы жалпы бір заңдылыққа бағынады. Қазіргі кездегі өндірістің материалдық негізі машина техникасы, ұлттық шаруашылықтың даму деңгейінің қандайы болсын, оның материалдық – техникалық базасының негізіне байланысты болады. Сондай – ақ, қоғамдық құрылымның сипаты мен жекелеген ерлердің ұлттық шаруашылығы, әр мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты - оның басқа елдермен экономикалық байланыстарының бағытын, дүниежүзілік шаруашылықтың әлеуметтік экономикалық сипатын көрсетеді.

Дүниежүзілік шаруашылық дегенде , тек бір ғана қарапайым байланысты ғана емес, сонымен бірге, шаруашылық жиынтығынан тұратын: *халықаралық еңбек бөлінісі мен еңбекті кооперациялау нәтижесінде туындайды мемлекетаралық экономикалық қатынастарды да сөз етеміз.*

Қазіргі жағдайда кез – келген мемлекеттің экономикасының дамуы *дүниежүзілік шаруашылық байланыс арқылы ғана толық деңгейде жан – жақты дами алады.*

Әлемнің біртұтастығы алуан түрлі , 160-тан астам тәуелсіз, экономикалық еркін субъектілерді қамтиды. Әр ел өзінің тарихи – географиялық , ұлттық , әлеуметтік – саяси құрылымы бойынша, бір – бірінен ерекшеленеді. Ұлттық экономикалық жүйелердің әлемдік шаруашылыққа бірте – бірте кіруі қажеттіліктен туындап отыр, сондай – ақ оған ХХ ғасырдың соңындағы ғаламдық заңдылықтардың бірі деп қажет. Бұл заңдылықтар көптеген елдерде болып жатқан экономикалық және саяси реформаларға, әр елдің ішкі күрделі шешімдеріне байланысты сол елдердің экономикасын дүниежүзілік еңбек бөлінісіне итермелейді. Социалистік елдердің экономикасы жалпы алғанда сыртқы әлемге жабық болды, мемлекеттік принципті уағыздады, соған байланысты ұзақ жылдар бойы ұлттық шаруашылықтың артта және бір орында қалуы байқалды. Бұның өзі кәсіпорындардың ғылыми техникалық өзгерісті қабылдауын, сондай-ақ, бәсекелесу механизмін төмендетті, ал ол ұсыныс пен сұраныс заңдалақтарының құралы.

Бүгінгі таңда аталған мәселелер уақыт ағымынан кейін артта қалып отыр, демек, тағы да бір мойындайтын қағида: ұлттық экономиканың дүниежүзілік шаруашылықтың бір бөлігі деп қаралуының өзі, оны ХЭҚ-тар пәнінде тереңірек қарастыруға бағыттайды. ХХ ғасырдың соңында әлемдік экономиканың негізгі бағыты оның ғаламдық сипат алуында және бұл шешуі фактор халықаралық экономикалық байланыстардың жаңа кезеңі болып табылады.

Дүниежүзілік шаруашылық жүйесі болса, дүниежүзілік сауда –экономикалық, қаржылық және ғылыми –техникалық байланыстарды біртұтас мақсатқа біріктіреді.

Ұлттық экономиканың дүниежүзілік шаруашылықпен қосылуының өзіндік ерекшеліктері бар. Кез келген мемлекеттің (мейлі, ол үлкен немесе кіші болсын) сыртқы экономикалық байланыс жүйесіндегі ең сезімтал тұсы - оның экономикалық саясаттағы, яғни халықаралық байланыстар жүйесінде атқарып отырған қызметінде. Бұдан қоғамның ішкі жағдайы, оның әлеуметтік – экономикалық және саяси бағыты, мәдени байлығы жан-жақты көрінеді.

Дегенмен, өндірістің *классикалық капиталистік әдісі* өзінің даму заңдылықтарында ұлттық шекарадан шығып халықаралық деңгейге жетті. Еңбекті бөлудің интернационалдық жүйесі машина

индустриясының пайда болуына байланысты болды. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында дүниежүзілік нарық тез дамып, әлемдік өндірістің дамуының жеделдеуіне ықпал етті. 1917 жылдарда дүниежүзілік шаруашылық екі жүйе ауқымында дамыды. Бұл, бір жағынан, өндірістік әдістің жеке немесе аралас түрі болса, екінші жағынан, мемлекеттік меншік жағдайында олардың өзара байланыс жасауы еді.

Әрине, әр ұлттық шаруашылық өзіне табыс әкелетін айырбас түріне ұмтылуы керек. Бұндай байланыстарды ұйымдастыруда мемлекет өзіне табыс түсетін жағын ойластырады. Ал бұл тек дайын өнім айырбастауға ғана жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан өндіріске ең алдымен білікті маманның, ғалымның, инженердің күрделі еңбегін қажет етеді. Тек сонда ғана әр ұлттық экономиканың экономикалық халықаралық экономикалық байланыстар жүйесінде деген тең құқықтығы сақталады.

Экономикалық байланыстардың даму қарқынының күшеюі: экономикалық саяси, мәдени, әскери, экономикалық т.б. барлық сферада халықаралық байланыстың негізін терендете түседі. Бірақ бұл формула түгел емес: бұл байланыстардың сапа жағынан болуы қажет. Мысалы, егер бір жағы шикізат және энергия, екінші жағы дайын өнім айырбастаса, бұл жағдайда екі ел *тепе – теңдікте дами* алмайды. Себебі өзара тең түсетін базасы жоқ. Осындай қарама-қайшылық бірте-бірте экономикалық, содан соң саяси түсінбеушілікке әкеледі. Сонымен, сыртқы экономикалық байланыс «екі функциялық» бірлестікте көрінеді. *Бұл, бір жағынан, жалпы саяси, глобалды, ал екінші жағынан, ұлттық, халықшаруашылығы аспектіде көрінеді.*

ТМД елдердің әлемдік нарыққа шығуы, сондай-ақ шетелдік корпорациялардың жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық нарыққа кіруі көптеген проблемаларды тудырды. Олар шаруашылықта бұрын-соңды кездеспеген қиындықтар еді. Егемендікке қолы жеткен Қазақстан Республикасы да осындай қиындықтарға тап болды. Қорыта келгенде мұның барлығы ТМД елдерінде нарық жағдайында теориялық және тәжірибелік біліммен қаруланған халықаралық деңгейдегі мамандардың жетіспеуінен деуге болады.

Әлемдік шаруашылық және оның бір бөлігі болып саналатын ХЭК –тың дамуы 80-жылдармен салыстырғанда, 90-жылдары жаңа жағдайда дами бастады. Біріншіден, әлемнің біртұтастығы айқындала бастады.

Дерек көзі: <https://sachok.kz/referat/show/153>